

Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери-патриоттық тәрбиелеуді жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 сәуірдегі N 322 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери-патриоттық тәрбиелеуді жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жарты жылдықтың қорытындылары бойынша 25 маусымға және 25 желтоқсанға бір жылда Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е. Шөкеевке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы » 4

с ә у і р д е г і

N

3 2 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери-патриоттық тәрбиелеуді жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р / с N №	Іс-шара атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу уына жауапты- лар	Орында- лу мер- зімі	Болжамды шығыс- тар, мың теңге	Қаржылан- дыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1	Ұйымдастыру-тәжірибелік іс-шаралар					Жергілік- ті бюджет бюджеттік

1.	"Тәні саудың - жаны сау" тақырыбында спартакиада өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	Алматы қаласы әкімі	Сәуір	1 045,0 мың теңге	бағдарлама 263003000
2.	Еңбек ұжымдарында, білім беру ұйымдарында, әскери бөлімдер мен мекемелерде "Ерлік сабақтары" республикалық айлығын өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	Қорғаныс-мині, МАМ, БҒМ, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	Мамыр, қазан	Талап етілмейді	
3.	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылуына 16 жыл толуын және 1941 - 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 63 жыл толуын мерекелеуге орай "Жас ұлан - 2008" патриоттық әндердің республикалық конкурсын өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	Қорғаныс-мині, МАМ	Мамыр	600,0 мың теңге	Республикалық бюджет Қорғаныс-мині 002-108 кіші бағдарлама бойынша
4.	"Мемлекеттік рәміздер-жалпыұлттық патриотизмді қалыптастыру факторы" республикалық дөңгелек үстелін өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	МАМ	Мамыр	1 643,0 мың теңге	Республикалық бюджет МАМ 018 бағдарлама бойынша
5.	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагерлері мен офицерлерінің қатысуымен "Офицер-ерлікке баулитын мамандық" дөңгелек үстелін өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	Солтүстік Қазақстан облысының әкімі	Мамыр	Талап етілмейді	
6.	"Отан қорғаушы" монументіне гүл шоқтарын қою рәсімін ұйымдастыру	Қорғаныс-миніне ақпарат	Астана қаласының әкімі	Мамыр	Талап етілмейді	
7.	"Біз - Жеңістің мұрагерлеріміз"		Павлодар облысы-	Мамыр		Жергілікті бюджеттік

	облыстық акциясын ұйымдастыру	Қорғаныс-миніне ақпарат	н ы ң әкімі		200,0 мың теңге	бағдарлам а 263003000
8.	"Барыс", "Ұлан", "Батыр" әскери-спорттық іс-шараларын өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	Солтүстік Қазақстан облысының әкімі	Мамыр	315,0 мың теңге	Жергілікті бюджеттік бағдарлам а 261007000
9.	Қазақстан Республикасы Отан қорғаушылар күніне арналған "Ән шырқаймын, туған жер!" атты IV облыстық әскери достық фестивалін өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	Қарағанды облысының әкімі	Мамыр	350,0 мың теңге	Жергілікті бюджеттік бағдарлам а 263003000
10.	Кеңес Одағының Батыры М. Мамыраевты еске алуға арналған қорғаныс-көпшілік және әскери-патриоттық жұмыстардың айлығын өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	Қарағанды облысының әкімі	Маусым	200,0 мың теңге	Жергілікті бюджеттік бағдарлам а 263003000
11.	Экскурсиялық және өлкетану жұмыстарын жетілдіру	Қорғаныс-миніне ақпарат	БҒМ, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері	Маусым	Талап етілмейді	
12.	"Кешегі ерліктің беттері" шығармашылық конкурсын ұйымдастыру	Қорғаныс-миніне ақпарат	Шығыс Қазақстан облысының әкімі	Маусым	Талап етілмейді	
13.	Азаматтарға әскери-патриоттық тәрбие беру жұмысына үкіметтік емес ұйымдарды, ұлттық-мәдени орталықтар мен басқа да азаматтық қоғам институттарын тарту жұмысын жандандыру	Қорғаныс-миніне ақпарат	МАМ, БҒМ, Қорғанысмині, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері	Жыл бойы	Талап етілмейді	

14.	"Сұңқар" әскери-спорттық ойынын ұйымдастыру және өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	Солтүстік Қазақстан облысының әкімі	Шілде	700,0 мың теңге	Жергілікті бюджеттік бағдарлама 263003000
15.	"Мен өз Отаным - Қазақстанды сүйемін" атты дөңгелек үстел өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	Алматы қаласының әкімі	Шілде	500,0 мың теңге	Жергілікті бюджеттік бағдарлама 263003000
16.	"Мен Қазақстан Республикасының азаматымын" облыстық акциясын өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	Батыс Қазақстан облысының әкімі	Шілде	Талап етілмейді	
17.	"Жас Ұлан" әскери-патриоттық әндер конкурсын өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	Жамбыл облысының әкімі	2-тоқсан	500,0 мың теңге	Жергілікті бюджеттік бағдарлама 263003000
18.	"Астана қаласының жоғары оқу орындарында жастарға патриоттық тәрбие беру жүйесін дамыту проблемалары" атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	Астана қаласының әкімі	Қыркүйек	Талап етілмейді	
19.	"Қазіргі Қазақстан: өткені, бүгіні, болашағы" атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	МАМ	Қыркүйек	3 246,0 мың теңге	Республикалық бюджет МАМ 018 бағдарлама бойынша
20.	Тарихи ескерткіштер аумағында студент жастардың арасында сенбіліктер ұйымдастыру	Қорғаныс-миніне ақпарат	БҒМ, облыстар мен Астана, Алматы қалаларының әкімдері	Мамыр	Талап етілмейді	
21.	Ұстаздар арасында "Қазақстанның патриоттарын өсіреміз" атты үздік әдістемелік жұмысты	Қорғаныс-миніне ақпарат	БҒМ, облыстар мен Астана, Алматы	Мамыр		

	анықтау жөнінде білім мекемелерінде іс-шаралар өткізу		қалаларының әкімдері		Талап етілмейді	
22.	Азаматтарға патриоттық тәрбие беру мақсатында "тимуршылар" қозғалысын қайта жандандыру жөнінде іс-шаралар өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	Мамыр	Талап етілмейді	
23.	"Әскерге шақырылушылар күні" акциясын және әскери қызметке салтанатты шығарып салуды өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	Сәуір, қазан	Талап етілмейді	
24.	Астана қаласының оқу ұйымдарында "Солдат, сенің ерлігің біздің есімізде!" акциясын ұйымдастыру және өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	Астана қаласының әкімі	Желтоқсан	Талап етілмейді	
25.	Облыстың шығармашыл жастарының қатысуымен Кеңес Одағының Батыры Н. Әбдіров атындағы "Жас сұңқар" VIII Облыстық патриоттық әндердің конкурсын өткізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	Қарағанды облысының әкімі	Желтоқсан	350,0 мың теңге	Жергілікті бюджеттік бағдарлама 263003000
26.	Әскери қызмет атқару кезінде ерлікпен қайтыс болған әскери қызметшілердің ерлігі туралы деректі фильм түсіру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қорғаныс-мині, МАМ	Желтоқсан	2500,0 мың теңге	Республикалық бюджет Қорғаныс-мині 018 бағдарлама бойынша
27.	Шекара маңындағы аудандардың орта білім беру орындары жанындағы ерікті негіздегі "Шекарашының жас досы" үйірмесінің дамуы мен жұмыс істеуі бойынша жұмыстарды жалғастыру	Қорғаныс-миніне ақпарат	БҒМ, ҰҚК Шекара қызметі (келісім бойынша)	Желтоқсан	Талап етілмейді	
2. Зерттеу-талдау жұмысы						

28.	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде ел азаматтарының отансүйгіштік деңгейін анықтау жөнінде социологиялық зерттеулер жүргізу	Қорғаныс-миніне ақпарат	МАМ, Қорғанысмині, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері	Желтоқсан	2 000,0 мың теңге	Республикалық бюджет МАМ 018 бағдарлама бойынша
29.	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери-патриоттық тәрбиелеуді жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру қорытындылары бойынша қоғамдық пікірді зерделеу	Қорғаныс-миніне ақпарат	МАМ, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері	Желтоқсан	2 300,0 мың теңге	Республикалық бюджет МАМ 018 бағдарлама бойынша
30.	Республика азаматтарын әскери-патриоттық тәрбиелеуді жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру нәтижелері туралы баяндама дайындау (жарты жылға және жылға)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қорғанысмині (жинақтау), БҒМ, МАМ, ҰҚК ШҚ (келісім бойынша), облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері	25 маусымға және 25 желтоқсанға	Талап етілмейді	
3. Ақпараттық-насихаттау жұмысы						
31.	Еліміздің азаматтарын әскери-патриоттық тәрбиелеу жөніндегі іс-шараларды жариялаудың медиажоспарын әзірлеу (сұхбат, комментарийлер және т.б)	Қорғаныс-миніне ақпарат	МАМ	Наурыз	Талап етілмейді	

32.	Арнайы айдарлар шеңберінде ақпараттық-талдамалық материалдардың БАҚ-та жариялануын қамтамасыз ету, әскери-патриоттық тәрбие беру тақырыбына арналған теле-, радио хабарларының шығуы	Қорғаныс-миніне ақпарат	МАМ	Жарты жылда 1 рет	16 000,0 мың теңге	Республикалық бюджет МАМ 025 бағдарлама бойынша
33.	Министрліктердің, облыстар, Астана, Алматы қалалары әкімдіктерінің сайттарында Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттық тәрбиелеу тақырыбында арнайы айдарлар ашу	Қорғаныс-миніне ақпарат	Қорғаныс-мині, БҒМ, МАМ, облыстардың Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері	Жарты жылда 1 рет	Талап етілмейді	
Жиыны				Барлығы: 28 289,0		Республикалық бюджет
				Барлығы: 4 160,0		Жергілікті бюджет

Е с к е р т у :

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі

ҰҚК ШҚ - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің

Шекара қызметі